



**МУЗЫКА ЖӘНЕ
ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ
ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ
БӨЛІМІ ЖАС МУЗЫКАНТ-ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ ОНЛАЙН «ЖАС ТАЛАП»
БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Байқаудың өткізілу мерзімі: 2021 жылдың 10-14 наурыз аралығында өткізіледі.

Байқаудың мақсаты: оқушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесін жетілдіру, ұжымдық топтарды дамыту; музыкалық аспаптарда орындаушылықты кеңінен жария ету және насихаттау; аса қабілетті және кәсіби келешегінен үміт күттіретін оқушыларды анықтау;

Байқаудың міндеті: оқушыларды ұлттық дәстүрге тәрбиелеу; оқушылардың орындаушылық шеберлігін арттыру; азаматтық сана сезімін қалыптастыру.

Байқаудың құрылымы: Байқау екі бағытта өткізіледі: жеке орындаушылар байқауы; ұжымдар байқауы.

Жеке орындаушылар байқауы кіші, орта және ересектер топтары бойынша жүргізіледі.

- кіші топ: 8 жастан -10 жас
- орта топ: 11 жастан – 13 жас
- ересектер тобы: 14 жастан - 17 жас.

Кіші топтың қатысушыларына қойылатын байқау бағдарламасы музыка мектептерінің 3 сынып оқушыларына арналған бағдарламалық талаптарына, орта топ 4 сыныптан, ал ересек топ 5 сыныптан төмен болмауы тиіс.

Байқау бір кезеңмен өткізіледі. Байқауға қатысушылардың бағдарламасы өткен жылғы байқаудан қайталанбауы тиіс. Әр мектептен байқауға қатысатын оқушы саны 8-9 аспауы керек.

- Өткен 2020 жылғы «Бас жүлде», I орын лауреаттары байқауға қатыстырылмайды.

- қатысу жөніндегі сұранымдар және бейнеролик сілтемесін 2021 жылдың наурыз айының 10 -на дейін мектеп сайты <https://dmsh1-astana.kz/kalaly-respublikaly-baj-aular> қабылданады; (**Бейне сапалы, бір роликпен тоқтаусыз жазылуы керек. Әртүрлі орындаудан «кесуге» жол берілмейді !!!**)

- жеке орындаушылардың туу туралы куәлігінің көшірмесі, сұранымға қоса беріледі;

- сұранымда көрсетілген бағдарлама өзгертілмейді.

-сұранымда қатысушы және жетекшінің аты-жөні дұрыс жазылуы шарт.

Бағдарлама талаптары:

Домбыра сыныбы

Кіші топ:

Қалауы бойынша екі күй.

Орта топ, жоғарғы топ:

- 1) Бір шертпе күй
- 2) Бір төкпе

Қобыз сыныбы

Кіші және орта топ:

- 1) Әртүрлі мінез -құлықтағы 2 шығарма

Жоғарғы топ:

- 1) Әртүрлі мінез -құлықтағы 2 шығарма

Қылқобыз сыныбы

Кіші және орта топ:

1 күй , 1 қазақстан композиторының шығармасы

Жоғарғы топ:

- 1) 1 күй (кварта, квинта бұрауында)
- 2) 1 шығарма орындаушының қалауымен

Жетіген сыныбы

Кіші топ, орта топ:

- 1.1 халық әні
- 2.1 халық күйі

Жоғарғы топ:

- 1) Қазақстан композиторларының 1 күйі
- 2) 1 Халық күйі

Ансамбльдер

Ансамбльдің байқауда орындау бағдарламасына әртүрлі мінез құлықтағы 2 шығарма, оның бірі - күй , екіншісі қалауы бойынша 1 шығарма .
Ансамбльдердің өнерін тамашалау уақыты **15** минуттан аспауы тиіс.
Ансамбль құрамының саны 8 адамнан кем болмауы керек. Ансамбль құрамында тек бір оқытушы ғана, дирижер немесе орындаушы ретінде қатысуға құқылы.

Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті қайта қаралмайды.

Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен және барлық қатысушылар мадақтамамен марапатталады.

Байқау нәтижесі 1_dmsn инстаграм парақшасында 2021 жылдың 18-19 наурызында жарияланады

Музыка және өнер мектептері халық аспаптары бөлімі жас музыкант-оқушыларының арасында қалалық онлайн «Жас талап» байқауына Өтінім

Мектеп атауы	
Қатысушы аты-жөні	
Тобы, туған күні, айы, жылы.	
Номинация	
Шығарма атауы, авторы, хронометраж	
Бейнежазба сілтемесі	
Жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны, электронды мекен-жайы.	
Сүйемелдешінің аты-жөні	

Мекен-жайымыз: Нұр-Сұлтан қ, Желтоқсан 36.

тел/факс: 8 (7172) 31-43-86.

Жауаптылар: Оралбаева Ж.Ш., Шерьяданова Т.Қ.